



20 20 ж.

«Аманат» жеке балабақшасының әдістемелік кеңес жоспары

Мақсаты:

- Педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру.
- Оқу-тәрбие процесін жақсарту, инновациялық технологияларды енгізу.
- Балабақшадағы білім беру үдерісінің сапасын арттыру.

Міндеттері:

- Педагогтардың біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру.
- Жаңа педагогикалық технологияларды зерделеу және енгізу.
- Оқу-тәрбие жұмысының әдістері мен мазмұнын жетілдіру.

Іс-шара	Орындалу мерзімі	Аяқталу нысаны	Жауапты
Педагогтардың әдістемелік кеңесінің отырысы			
№ 1 отырыс. 1. Әдістемелік кеңестің оқу жылындағы міндеттерін талқылау, жұмыс жоспарын бекіту. 2. Педагогтардың жеке қажеттіліктері мен қиындықтарын зерттеу нысандарын жоспарлау. 3. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын зерделеу. 4. Нормативтік құжаттаманы ресімдеу. 5. Инновациялық қызмет, кәсіби өзін-өзі жетілдіру мәселелері бойынша педагогтармен жұмыс нысандарын қарастыру. 6. Үлгілік оқу бағдарламасын меңгеруде балалардың жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуіне бастапқы мониторингтің қорытындылары.	Қыркүйек	Хаттама	ӘК басшысы, әдістемелік кеңес мүшелері
№ 2 отырыс. 1. Балалардың Типтік оқу бағдарламасын меңгерудің жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізуін аралық бақылау нәтижелері. 2. Әдістемелік өнімдерді әзірлеу.	Қаңтар	Хаттама	ӘК басшысы, әдістемелік кеңес мүшелері

<ol style="list-style-type: none"> 3. Өзін-өзі тәрбиелеу тақырыбы бойынша педагогикалық қызметкерлердің жұмысын әдістемелік қамтамасыз ету. 4. Инновациялық қызметтің барысы мен нәтижелерін талдау, үйлестіру. 5. МДҰ-да өткізілген іс-шаралардың тиімділігін санаттар бойынша талдау: балалармен жұмыс, ата-аналармен жұмыс, педагогтармен жұмыс. 6. Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру 			
<p>№ 3 отырыс.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Индикаторлар негізінде балалардың дағдысы мен білігін дамытудың қорытынды мониторингінің көрсеткіштері. 2. Кезекті оқу жылындағы ӘК жұмысын талдау. 3. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары мен бастауыш мектептердің жұмыс тәжірибесінде STEM-білім беруді енгізу модельдері» тақырыбы бойынша инновациялық алаңның тиімділігін талдау. 4. Туындаған проблемалар мен қиындықтарды анықтау. 5. Жаңа жолдар мен оларды шешу жолдарын іздеу. 6. Кезекті оқу жылындағы педагогтардың кәсіби қызметінің қорытындысын шығару. 7. Кезекті оқу жылындағы аттестаттаудан өту қорытындыларын шығару 	<p>Мамыр</p>	<p>Хаттама</p>	<p>ӘК басшысы, әдістемелік кеңес мүшелері</p>

ХАТТАМА № 1

Әдістемелік кеңестің отырысы

Күні: 29 қыркүйек 2025 жыл

Өткізілген орны: «Аманат» жеке балабақшасы

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, әдіскер, тәрбиешілер

Қатыспағандар: жоқ.

Күн тәртібі:

1. Әдістемелік кеңестің оқу жылындағы міндеттерін талқылау, жұмыс жоспарын бекіту.
2. Педагогтардың жеке қажеттіліктері мен қиындықтарын зерттеу нысандарын жоспарлау.
3. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын зерделеу.
4. Нормативтік құжаттаманы ресімдеу.
5. Инновациялық қызмет, кәсіби өзін-өзі жетілдіру мәселелері бойынша педагогтармен жұмыс нысандарын қарастыру.
6. Үлгілік оқу бағдарламасын меңгеруде балалардың жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуіне бастапқы мониторингтің қорытындылары.
7. Тәлімгерлік қозғалысы.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша.

Әдіскер жаңа оқу жылында әдістемелік кеңестің негізгі міндеттерін таныстырды. Оның ішінде: педагогикалық ұжымның кәсіби дамуын қамтамасыз ету, озық тәжірибелерді тарату, ата-аналармен өзара іс-қимылды жетілдіру және балалардың оқу жетістіктерін мониторингтеу қарастырылды. Жұмыс жоспары жобасы ұсынылып, талқылаудан кейін бекітілді.

2-мәселе бойынша.

Әдіскер м.а педагогтердің кәсіби сұраныстарын, әдістемелік қиындықтарын анықтау үшін сауалнама жүргізу, әңгімелесу және жеке картотекалар жасақтау қажеттігін айтты. Бұл педагогтердің кәсіби дамуына бағытталған нақты жоспар құруға мүмкіндік береді.

3-мәселе бойынша.

Тәрбиеші «Адал азамат» бағдарламасының мазмұнын таныстырды. Бағдарлама аясында балаларға адалдық, әділдік, еңбекқорлық сияқты адамгершілік құндылықтарды сіңірудің маңызы атап өтілді. Оқу-тәрбие процесіне енгізу жолдары талқыланып, әр топқа бейімдеу ұсынылды.

4-мәселе бойынша.

Меңгеруші нормативтік құжаттарды дұрыс рәсімдеу тәртібін түсіндірді. Педагогтерді

ХАТТАМА № 2

Әдістемелік кеңес отырысы

Күні: 29 қаңтар 2026 жыл

Өткізілген орны: «Аманат» жеке балабақшасы

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, әдіскер, тәрбиешілер, ата-аналар комитетінің өкілдері

Қатыспағандар: жоқ.

Күн тәртібі:

1. Балалардың Типтік оқу бағдарламасын меңгерудің жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізуін аралық бақылау нәтижелері.
2. Әдістемелік өнімдерді әзірлеу.
3. «Өзін-өзі тәрбиелеу» тақырыбы бойынша педагогикалық қызметкерлердің жұмысын әдістемелік қамтамасыз ету.
4. Инновациялық қызметтің барысы мен нәтижелерін талдау, үйлестіру.
5. МДҰ-да өткізілген іс-шаралардың тиімділігін санаттар бойынша талдау: балалармен жұмыс, ата-аналармен жұмыс, педагогтармен жұмыс.
6. Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша әдіскер балалардың Типтік оқу бағдарламасын меңгеру деңгейіне жүргізілген аралық бақылау нәтижелерімен таныстырды. Балалардың сөйлеу, танымдық, шығармашылық, қимыл-қозғалыс салаларындағы жетістіктері мен қиындықтары талданды..

2-мәселе бойынша әдіскер педагогтердің әзірлеген әдістемелік өнімдері (дидактикалық ойындар, көрнекіліктер, оқу-әдістемелік нұсқаулықтар) көрсетілді. Олардың тәжірибеде қолданылу тиімділігі талданды.

3-мәселе бойынша Тәрбиешілер «Өзін-өзі тәрбиелеу» тақырыбында балалардың мінез-құлқын реттеу және өзін-өзі дамыту дағдыларын қалыптастыруда қолданған әдіс-тәсілдерімен бөлісті.

4-мәселе бойынша әдіскер мен шығармашылық топ жетекшісі инновациялық қызметтің барысы мен нәтижелерін баяндады. Жаңа әдістемелерді енгізудің тиімділігі мен кедергілері талқыланды.

5-мәселе бойынша әдіскер МДҰ-да өткізілген іс-шаралардың тиімділігін үш бағытта талдады:

- балалармен жұмыс;
- ата-аналармен жұмыс;
- педагогтармен жұмыс.

Талдау нәтижесінде бірқатар іс-шаралардың оң әсері көрсетілді, бірақ жетілдіруді қажет ететін тұстар да аталды.

6-мәселе бойынша тәрбиешілер біртұтас тәрбие бағдарламасының іске асырылу барысы туралы есеп берді. Бағдарлама құндылықтарын енгізудің нақты мысалдары ұсынылды.

Қаулы етілді:

1. Аралық бақылау нәтижелері негізінде балалардың жеке даму карталары толықтырылсын.
2. Әдістемелік өнімдер жинақталып, әдістемелік қорды толықтырсын.
3. «Өзін-өзі тәрбиелеу» тақырыбы бойынша әдістемелік ұсыным әзірленсін.
4. Инновациялық қызметтің оң тәжірибелері педагогикалық кеңесте жүйелі түрде таратылсын.
5. Өткізілген іс-шаралар тиімділігін талдау қорытындысы келесі оқу жылын жоспарлауда ескерілсін.
6. Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша тоқсандық мониторинг жүргізіліп, қорытындысы талқылансын.

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер.

Бақылау: балабақша меңгерушісі.

Меңгеруші:

Хатшы:



ХАТТАМА № 3

Әдістемелік кеңес отырысы

Күні: 29 мамыр 2026 жыл

Өткізілген орны: «Аманат» жеке балабақшасы

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, әдіскер, педагогтер

Қатыспағандар: жоқ.

Күн тәртібі:

1. Индикаторлар негізінде балалардың дағдысы мен білігін дамытудың қорытынды мониторингінің көрсеткіштері.
2. Кезекті оқу жылындағы ӘК (әдістемелік кеңес) жұмысының талдауы.
3. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары мен бастауыш мектептердің жұмыс тәжірибесінде STEM-білім беруді енгізу модельдері» тақырыбы бойынша инновациялық алаңның тиімділігін талдау.
4. Туындаған проблемалар мен қиындықтарды анықтау.
5. Жаңа жолдар мен оларды шешу жолдарын іздеу.
6. Кезекті оқу жылындағы педагогтардың кәсіби қызметінің қорытындысын шығару.
7. Кезекті оқу жылындағы аттестаттаудан өту қорытындылары.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша әдіскер жыл соңындағы қорытынды мониторинг нәтижелерін ұсынды. Индикаторлар негізінде балалардың сөйлеу тілі, логикалық ойлау, шығармашылық және қимыл-қозғалыс дағдыларындағы жетістіктері мен қиындықтары көрсетілді.

2-мәселе бойынша әдіскер әдістемелік кеңестің жылдық жұмысын талдады. Өткен отырыстарда бекітілген жоспарлардың орындалу барысы, семинарлар мен шеберлік сыныптарының нәтижелері қаралды.

3-мәселе бойынша инновациялық алаң жұмысының тиімділігі талқыланды. STEM-білім беру элементтерін қолдану балалардың қызығушылығын арттырып, танымдық белсенділікті дамытқаны айтылды.

4-мәселе бойынша педагогтер жыл бойы кездескен қиындықтарды ортаға салды (сөйлеу тілін дамытудағы кешігулер, кейбір балалардың бейімделу қиындығы, ата-аналардың барлық шараларға тұрақты қатыспауы).

5-мәселе бойынша педагогтер аталған қиындықтарды шешудің жаңа жолдарын ұсынды: қосымша түзету сабақтары, ата-аналармен жеке жұмыс, заманауи әдістерді тәжірибеге енгізу.

6-мәселе бойынша педагогтердің кәсіби қызметінің қорытындысы шығарылды. Жыл бойғы жетістіктер, ашық сабақтар, педагогикалық сайыстарға қатысу көрсеткіштері айтылды.

7-мәселе бойынша аттестаттаудан өткен педагогтердің қорытындылары қаралды. Аттестациядан табысты өткен педагогтер атап өтіліп, кәсіби деңгейін көтергендері үшін марапатталды.

Қаулы етілді:

1. Қорытынды мониторинг нәтижелері негізінде балалардың жеке даму карталары толықтырылсын.
2. Әдістемелік кеңестің жылдық жұмыс талдауы негізінде келесі оқу жылына түзетулер енгізілсін.
3. STEM-білім беру тәжірибесі жалғастырылып, әдістемелік қорда жинақталсын.
4. Туындаған проблемаларға байланысты арнайы түзету іс-шаралары жоспары құрылсын.
5. Жаңа әдіс-тәсілдерді енгізу бойынша шығармашылық топтарға тапсырма берілсін.
6. Жыл қорытындысында үздік педагогтердің жұмысы атап өтіліп, кәсіби марапаттар берілсін.
7. Аттестаттаудан өткен педагогтердің тәжірибесі таралып, жас мамандарға үлгі ретінде ұсынылсын.

Жауаптылар: әдіскер, топ тәрбиешілері

Бақылау: балабақша меңгерушісі

